

## Дәріс 5. Әлеуметтік-психологиялық және психосоматикалық дезадаптация

### Жоспар:

1. Эмоционалды бұзылулардың (мінездің акцентуациясы; невроздар және соматоформды вегетативті дисфункциялар; жеке тұлғалық ауытқулар (психопатия); психоздар. Мінез акцентуациясының типтері.
2. В.Н.Мясищевтің невроздардың патогенетикалық тұжырымдамасы.
3. Невротикалық қайшылықтардың үш түрі: истерикалық, неврастениялық және обсессивті-психастеникалық.

Деңгейге бөлу ерте заманнан келе жатыр. «Жан» мен «тәнді» бөлуді алғашқы саты ретінде қарастыруға болады. Кейінірек үш деңгейлік бөлу қалыптасқан: «дене», «жан», «рух». Екі- үш деңгейге бөлу қазір де кең таралған. Мысалы, А.Н.Леонтьев- «индивид-жеке адам». П.Я.Гальперин.- «субъект- жеке адам», Б.Г.Ананьев, А.Г.Асмолов «индивид- субъект- жеке адам», «ағза-сана» сынды деңгейлер қарастырылады.

А.А.Крылов бойынша, адамның өмірлік әрекеті өз-ара байланысты функционалды деңгейлерде жүзеге асады: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік әр аталған деңгейде адамның денсаулығы өздігімен ерекшеленеді.

Г.А.Дусманбетов, Х.Т.Шерьяданов Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының даярлық бөлімінде оқып жатқан балалар үйінде тәрбиеленген қыздардың құндылық бағдарының, тұлғааралық қарым-қатынасының, мазасыздық деңгейінің және девиантты қылық ерекшеліктерін зерттеген. Жеткіншек кезеңнің ерекшеліктері- ересек болуға талпынуды, жанұядан тәуелсіз болуды тырысатын, эгоцентризмді, қалыптаспаған және негативті өзіндік концепцияны, эмоционалды және ерік жігер сферасының тұрақсыздығын девиантты қылықтың қалыптасуына әкелетін факторлардың бірі ретінде қарастырады. Жетім балаларды девиантты қылықтың пайда болу қаупі бар топ ретінде айтады. Бастауыш сынып кезіндегі балалар үйінде тәрбиеленушілердің келесі ерекшеліктері аталады: интеллектуалды сферадағы гармонияның бұзылуы (ойлаудың жіктеу формаларының жоғарғы деңгейінің бейнелі көрнекілікті формаларының дамымағандығымен қатар келуі), қылықтың ерікті формаларының дамымауы, қарым-қатынас мәселелерін қақтығыс арқылы шешуге талпыну, агрессивтілік; ойлау мен импульсивті қылығы нақты жағдаймен тікелей байланысты, ішкі реттеу механизмдерінің дамымағандығы. Ересектермен қарым-қатынасы позитивті қатынас қажеттілігі мен тұлғалық қарым-қатынас қажеттілігінің фрустрациялаумен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімінің төмендеуінің психологиялық себептерін анықтау ғылымда кең қарастырылып келе жатқан мәселе (Рубинштейн С.Л, Славина Л.С, Корсакова Н.К, Микадзе Ю.В, Балашова Е.Ю) Баланың мектепке психологиялық даярлағы мәселесі осы қатарда ерекше орын алады (Божович Л.И, Матюхина М.В, Эльконин Д.Б, Кравцова Е.Е).

Тұлғаның қалыптасуымен әлеуметтік ортаға бейімделуінің ауытқулары танымдық іс-әрекеттің дамуындағы ауытқулармен байланысты болатындығын зерттеулерде көрсетіледі. Мектепке келгенде аталмыш қиыншылықтар орын алса, олардың себебін баланың психологиялық даярлығының төменділігімен байланыстырылады. Х.Т.Шеръязданова бойынша, педагогикалық қараусыздық оқу үлгерімінің төмендеуінің, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделудің бұзылуының негізгі себебі.

В.Н. Мясичев оқушы мен мұғалімнің, бастық пен қол астындағылардың, ата-ана мен баланың т.б. қарымқатынастарын талдай келіп, қарымқатынастың мазмұнды, мәнерлі және әрекетті, элементтері тек ғана тіл мен ассоциативтік байланыстарды (түрлі бейнелер немесе күшті эмоциялармен қанықтырылған) көрсетумен де байланысты екенін тұжырымдайды.

В.Н. Мясичевтің негізгі идеясы бойынша, адамның жеке даралық қасиеттері: мінезі, тіпті бейімділіктері мен мен қабілеттері де адам аралық қарым-қатынаста көрінеді де, дамиды деп тұжырымдайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Бьюдженталь Дж. Искусство психотерапевта/ Дж. Бьюдженталь. – СПб.: Питер, 2018. – 304 с.
2. Зайцев К.Л. Познание как взаимное преобразование во встрече с другим: к проблеме обоснования психотерапевтической эпистемологии// Материалы V Российского философского конгресса. - Новосибирск, 2019. – С. 83-84.
3. Словарь по общественным наукам. Глоссарий.ру [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://slovari.yandex.ru/>
4. Агеев В.В. Введение в психологию человеческой уникальности/ В.В. Агеев.-Томск: «Пеленг», 2018. - 428 с.